

**REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 4, Number 308 (2016), 135 – 140

**DEVELOPMENT OF TEXTILE  
ENTERPRISES MANAGEMENT MODEL**

**B.S.Kulbay**

International Kazakh-Turkish University named after Ahmet Yassaui, Turkestan, Kazakhstan  
bauka.ks@mail.ru

**Key words:** textile enterprises, the management model, the Republic of Kazakhstan

**Abstract.** In this article the author studies the feasibility of developing an integrated model of enterprise management of the textile industry during the economic crisis. In particular, it is given the serious staffing problems that are associated with a low level of prestige of working professions in the textile industry and the lack of infrastructure, training of personnel. The low level of competitiveness of products as compared with foreign counterparts, and there is a gap of economic ties between enterprises, accompanied by under load production capacity makes it necessary to improve economic governance mechanism in the textile industry enterprises. Organizational-economic mechanism of management of textile enterprises should be formed corresponding structures in which the overall control of the structures of the activities entrusted to the company management body performs a control to ensure the material and information flows across the enterprise structures. The proposed model is the author of the organizational-economic mechanism of management of textile enterprises will make it possible to increase the competitiveness of the textile industry through targeted motivation of staff, establishment of necessary conditions for the structure of enterprises and expand into new Kazakh and international markets.

ӘОЖ 658: 677

**ТОҚЫМА ӨНЕРКӘСІБІ КӘСІПОРЫНДАРЫН  
БАСҚАРУДЫҢ БЕЙІМДІК МОДЕЛІН ӘЗІРЛЕУ**

**Б.С. Құлбай**

К.А. Яссайи атындағы Халықаралық қазак-түрік университеті,  
Түркістан, Қазақстан Республикасы

**Түйін сөздер:** тоқыма кәсіпорындары, басқару моделі, Қазақстан Республикасы

**Аннотация.** Бұл мақалада автор экономикалық дағдарыс кезінде тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын басқарудың кешенді моделін әзірлеу мүмкіндіктері зерттелген. Атап айтқанда тоқыма өнеркәсібі саласындағы жұмысшы мамандығы мәртебесінің төмендігі, жұмысшы кадрларды даяраудың инфракұрылымының жоқтығы салдарынан болған кадрлық қамтамасыз етудің де күрделі мәселелері көлтірілген. Шығарылатын өнімдердің шетелдік баламалармен салыстырғанда бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі және мекемелер мен серіктестер арасындағы шаруашылық байланыстардың алшактығы, сонымен қатар өндірістік қуаттылықтардың жете жүктелмеуі тоқыма өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындарды басқару жүйесінің экономикалық тетігін жетілдіруді алдыңғы кезекке шығарады. Тоқыма кәсіпорындарын басқарудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмі кәсіпорынның материалдық және ақпараттық ағындарды қамтамасыз етуді басқаратын және жалпы бақылау компания басшылығына тапсырылған тиісті құрылымдармен қалыптасуы тиіс. Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын басқару жүйесінің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмі қазақстандық және халықаралық жаңа нарықтарға шығуға мүмкіндік беретін жұмысшыларды мақсатты ынталандыру, кәсіпорын құрылымында қажетті жағдайлар жасау есебінен сала кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Қазақстандық тоқыма өнеркәсібі өнімдерінің нарығы – ең алдымен оның тартымдылығын шет елдерге арттырудың нәтижесінде әлемдегі ең жылдам артып келе жатқандардың бірі. Тоқыма

өнеркәсібін пайдалану деңгейі бойынша тек азық-түлік тауарларынан ғана артта қалып қояды, тұрмыстық электроника, женіл автокөліктер және басқа да тауарлар нарығынан әлдеқайда басып озады. Қазіргі таңда тоқыма өнеркәсібіндегі экономикалық ахуал жаһанданудың және сыртқы нарықтардың әсерімен сипатталады, олардың мақсаттары мен міндеттері, оларға қол жеткізу мен шешімдері қысқа мерзімдік ғана емес, ұзақ мерзімдік тәсілдерді де қажет етеді.

БСҰ мүшелік ету жағдайында ішкі нарықты отандық өніммен қалыптастыру мен толтырудың саланың маныздылығы айтартылғатай арта туғеді. Алайда осы ретте тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының басым бөлігінің ортақ мәселесі моральдық тұрғыдан тозған технологиялық құрал-жабдықтарды пайдаланудың салдарынан олардың өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі болып табылады. Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының өндірісін модернизациялау үшін өздерінің қаржысы да жоқ, сонымен қатар құнының төмендігіне байланысты зайдымдық қаржыларды пайдалану мүмкіндігі де жоқ. Айта кету қажет, шетелдік тауарларды тұтынудың бәсекелік күресінің нәтижесінде қазақстандық өндірістік тұтынушылық тауарларының сұранысына қосымша ынта болмады.

Сондыктan да өзекті мәселелерді шешу үшін кәсіпорынның ең алдымен өндірістік және экономикалық іс-әрекетіне жұмыстарды ұйымдастыру мен ендиру жөніндегі жаңа әдістер мен жолдар, құралдар қажет.

Кәсіпорынды басқарудың дәстүрлі модельдері ең алдымен еркін экономикаға бағытталған және мыналарды қөздейтін:

- тұрақты даму;
- жоспарлы өнімді өндіру;
- ішкі құрылымдардың қатаң құрылуы;
- стратегиялық жоспарда жоспарланған қызметтерді орындау;
- қосымша ресурстарды алу салыстырмалы турде күрделі болған кезде кепілдендірілген еткізусаясатын жүзеге асыру.

Осы орайда кәсіпорын іс-әрекетінің қысқа мерзімдік нәтижелерін алуға баса назар аударылды. Басқараудың тән сипаты кәсіпорынның қалыптасқан машиқтығын қолдайтын өндірістік және жабдықтау қызметтерінің басымдығы болды. Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының ішкі сызықтық-функционалдық құрылымында көптеген техникалық және конструкторлық қызметтер болды, ал шешімдерді қабылдау ұжымшылдықтың қағидаларын ескеруіз авторитарлық тәсіл негізінде жүзеге асырылды [1].

Айта кету керек, қазақстандық тоқыма өнеркәсібі жүзеге асырып жатқан өзгерістер шешілетін мәселелердің ауқымдылығына байланысты маңызды болып табылады. Дамыған елдерде бәсекелестіктің конъюкурасы мен шарттары өзгерген кезде ұдайы реформалар мен қайта құрулар жүзгізіліп отырады. Сонымен қатар стратегиялық талдау мен жоспарлаудың, маркетингтің, кадрларды басқарудың ретке келтірілген жүйесі бар, ал акпараттық жүйелер нарықтық жағдайларға сәйкес эволюциялық дамып отырады, ал осы кезде қазақстандық кәсіпорындардың алдында ҚР БСҰ енүіне байланысты нарықтық жағдайларда кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін өндірістік және басқарушылық жаңа құрылымдарды құру, басқарудың жүйелері мен әдістерін ендиру сияқты жаһандық мәселелерді шешу міндеті түр.

Тоқыма өнеркәсібінің отандық кәсіпорындарын басқарудың жүйесін талдау негізінде басқарудың ұйымдастырушылық құрылымына тән кемшіліктер анықталды, олардың арасында негізгілері мыналар:

- кәсіпорын дамуының ұзақ мерзімдік стратегиясының, соны ішінде акпараттандыру бағдарламасының, жоқтығы;;
- басқару жүйесінде іс-әрекеттің қысқа мерзімдік нәтижелерге қол жеткізуге шоғырлануы, олар стратегиялық шешімдердің көкжиегін төмендетеуді;
- құрылымдық бөлімшелердің жоғары басшыларға шоғырлануы және тұйықталуы, бұл езінің функционалдық міндеттерін барлық уақытта тиімді орындауға әкеле бермейді;
- басқарудың жобалық басқару және контроллинг жүйелері сияқты замануи әдістерін жеткіліксіз ендиру.

Осыған байланысты мұндай кәсіпорындарды басқарудың жаңа формалары мен құрылымдарын қарастырудың айқын қажеттілігі пайда болады. Басқарудың ұйымдастырушылық

құрылымын басқарудың формалары, түрлері және қызметтерінің жиынтығы ретінде ғана емес, басқарудың заманауи әдістері мен механизмдерін, сонымен катар субъектілері мен объектілерін, мақсаттар мен міндеттерді қамтитын басқару аппараты ретінде де қарастыруға болатындықтан, осы тәсілдің негізінде тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын басқару жүйесінің ұйымдастыруышлық-экономикалық механизмінің жалпы моделін құруға болады, оның астарынан басқару объектісіне ықпал етудің экономикалық, әкімшілік, құқықтық және ұйымдастыруышлық әдістерін түсіну керек. Аталмыш модель кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі басқару мақсаттарына қол жетуді қамтамасыз етуге бағытталған өзара байланысқан үш құрылымның (мақсаттылықтың, кешенді әлеуеттің және ұйымдық) жиынтығын білдіреді және басқару жүйесі жүйешелерінің өзара әрекеттесуінің функционалдық схемасы түрінде көрсетілуі мүмкін (1 - сурет).

Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын басқару жүйесінің ұйымдастыруышлық-экономикалық механизмінің моделі тиісті құрылымдармен қалыптасады, олардың әрқайсысы белгілі-бір жүйешелерден құралады. Құрылымның іс-әрекетіне жалпы бақылау кәсіпорынды басқарудың аткарушы органына жүктеледі, ол кәсіпорынның барлық белімшелеріне материалдық және ақпараттық лектерді қамтамасыз ету бойынша басқарушылық әсерді жүзеге асырады. Басқару жүйесінің ұйымдастыруышлық-экономикалық механизмінің барлық элементтері кешенді әсерге ие, бұл мақсатқа табысты қол жеткізумен немесе басқарудың кез-келген деңгейінде өндірістік міндеттерді шешумен расталады [2].

Басқару жүйесінің ұйымдастыруышлық-экономикалық механизмінде ұсынылған кәсіпорынның мақсаттық құрылымы келесі жүйешелерден тұрады: ұйымдастыруышлық, функционалдық және экономикалық, олардың әрқайсысы белгілі-бір қызметтер жиынтығын жүзеге асырады:

- ұйымдық жүйеше: сыртқы экономикалық байланыстарды ұйымдастыру, құқықтық және ақпараттық қамтамасыз ету, енбекті ұйымдастыру, бақылау, лицензиялау, стандарттау;
- функционалдық: жоспарлау, болжау, реттеу, есепке алу, талдау, кадрлық және технологиялық қамтамасыз ету;
- экономикалық: инвестициялар тарту, салық салу, ынталандыру, баға және қыржылық-несиелік саясаттық жүзеге асыру;
- әлеуметтік: енбек ресурстарын ынталандыру және уәждеме.


Кәсіпорынның кешенді әлеуеттің құрылымы төрт жүйешені біріктіреді, олар кәсіпорындағы өнім сапасын, материалдық –техникалық базаны қалыптастыру жөніндегі әлеуеттер мен кадрлық және инновациялық әлеуетті сипаттайды. Басқару жүйесіндегі кәсіпорынның ұйымдастыруышлық құрылымының рөлі мыналармен анықталады:

- басқарудың әдістері және тәсілдерімен: тікелей және жанама, әкімшілік, экономикалық, ұйымдастыруышлық;
- басқарудың ресурстарымен: еңбектік, қаржылық, материалдық- техникалық, минералдық-шикізаттық, басқарушылық, ақпараттық;
- басқаруды қамтамасыз ету жүйесімен: ғылыми-әдістемелік, ұйымдастыруышлық;
- басқару нормативтерімен: нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудің негізгі концептуалдық ережелері.

Басқару жүйесінің жалпы ұйымдастыруышлық механизміне енетін ұсынылып отырған құрылымдардың негізгі әрекшелігі олардың ашықтығы мен интеграцияланғандығы болып табылады, ол ұйымдастыруышлық жүйелердің бірқатар қасиеттерінің пайда болуына алып келеді, соның ішінде:

- өзгеріп отырған жағдайларға бейімделу қабілеті (өндірілетін өнімнің тұтынушылық қасиеттерінің өзгеруі, баға түзілу жүйесінің өзгеруі, көліктік инфрақұрылымның дамуы), тұтастығын сақтай отырып, өзінің құрылымын өзгерту қабілеті және қатаң орталықтандырылған басқару кезінде іс-әрекет нұсқаларын қалыптастыра білу;
- өзара тәуелділіктің болуы, ол жерде ұйымдастыруышлық құрылымдар алға қойылған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған іс-әрекетті жүзеге асыратын элементтерден тұрады және элементтердің бірінің жойылуы басқару жүйесі механизмінің жұмысының бұзылуына және тиімділігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін;

- эволюциялық, уақыт өте келе, ұйымдастыруышылық жүйенің құрылымы мен қызметтері өзгеруімен байланысты, оған себеп болатын сыртқы және ішкі факторлар;
- жүйенің қолда бар ресурстармен және өзіне тән құрылымдық байланыстарымен анықталатын мүмкіндіктерінің болуы;
- мақсатты қоюға және мақсат түзуге ұмтылу.



Сурет 1. Тоқыма өнеркәсібі қәсіпорындарын басқару жүйесінің бейіндік моделі

Ұсынылған құрылымдардың тиімді өзара әрекеттесудің негізінде басқару жүйесінің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмі ең алдымен бәсекеге қабілеттілікті артыруға бағытталған, соның ішіне келесі бағыттар да енеді:

- кәсіпорынның экономикалық көрсеткіштерін талдау;
- тауарлардың тұтынушылық қасиеттерін анықтау;
- құшті және әлсіз тұстарын анықтауды ескере отырып, бәсекелестерді талдау;
- кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтаудың мүмкін болатын нұсқаларын генерациялау.

Кәсіпорынды басқарудың құрылымын жетілдіру ұйымдастырушылық құрылымдардың тиімділігін бағалауды және қайта құрудың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін анықтауды қамтуы керек. Кәсіпорындарды қайта құру шынымен де бәсеке қабілеттілікке қол жеткізіп, сатылымның табыстылығы мен тұрақты бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу үшін активтерді тиімді сактауды қамтамасыз ететін басқару процедурапарын ендіруге болатын нарықтарды таңдауға бағытталған.

Тауарды алға қарай жылжытудың тиімді жүйелерін құру импорттық тауарлардың тұтынушылық қасиеті бойынша артықшылығы жағдайында тауар өндірушілер үшін дамудың басым жолы болып табылады. Ішкі нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін отандық тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарына төмендегі өнімдерді шығыруға бет бұруы керек:

- егде жастағы тұлғалар үшін сапасы мен дизайны орташа арзан өнімді;
- табысы орташа тұтынушылар тобына орташа бағадағы сапасы орташа өнімді;
- орта таптың элиталар мен қамтамасыз етілген жастар үшін қымбат өнімді;
- балалар үшін табиғи шикізат пен заманауи түстік дизайндағы өнімді шығару.

Таңдалған бәсекелік стратегияны жүзеге асыру тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарынан тіпті мемлекеттің қолдауы мардымсыз болған жағдайдың өзінде де соңғы өнімнің нарықта берік орынды жаулап алуына мүмкіндік беретін өндірістік-технологиялық тізбектің әртүрлі буындарының өзара байланысқан өндірістерінің тұрақты топтарын үйымдастыруды талап ететіндігі айдан анық [3]. Бәсекелестіктің өзгеріп жатқан заманауи жағдайларында кәсіпорындардың табысы өндірушілердің нарық қажеттіліктерінің өзгерісіне икемді әсер етуіне байланысты болады, бұл нарықтық жағдайлар мен бәсекелестікке бейімделуге мүмкіндік беретін басқару механизмдерін қалыптастыруды талап етеді. Кәсіпорын бәсекелестік өрісте қаншалықты табысты жұмыс жасайтын болса, тұтынушылардың тапсырысын орындау туралы шешімдерді соншалықты жиі қабылдауға тұра келеді. Бұл процесте үлкен рөл кәсіпорынның өндірістік-өткізу іс-әрекетімен байланысты процедурапарға ұдайы мониторинг жасауға үлкен рөл беріледі. Осыған байланысты тұтынушылардан түсіп жатқан сұраныстарды орындаудың жылдамдығы мен мақсаттылығын бағалау міндетті пайда болады, ол міндетті шешу белгілі-бір киындықтармен қатар келеді, атап айттар болсақ, бірінші кезекте ақпараттың үлкен көлемдерімен.

Осы аталғандардың барлығы басқаруды запастарды сатып алу мен жоспарлау, өндіріс, өткізу және маркетинг сатыларында біріктіру арқылы тапсырыстарды басқару жүйесін құрудың қажеттіліктеріне алып келеді. Басқарудың мұндай өтпелі жүйесін құру ақпараттардың көп легін жедел жинап, өндеуге мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ғана мүмкін болады. Шешім қабылдау кезіндегі уақыттың тапсылығы, бәсекелестіктің қаталдығы, ақпарат тарапуының біркелкі болмауы және басқа да факторлар кәсіпорынның іс-әрекетін ақпараттық ілеистіре жүргүре баса назар аударуды қажет етеді. Кәсіпорын қызметкерлерін релевантты ақпаратпен уақытылық қамтамасыз ету басқарушылық шешімдерді қабылдауға кететін уақыт шығынын төмендетуге, трансакциялық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді, соның салдарынан табыс, рентабельділік, енбек өнімділігі сияқты маңызды техникалық-экономикалық көрсеткіштерді арттыруға жол ашылады.

Ақпараттарды тиімді пайдалану тұтынушыларға қызмет етудің сапасын жақсартуға, іске асыру көлемін жақсартуға, жоспарлаудың мүмкіндіктерін кеңейтүгеге, экономикадағы өзгерістерге реакцияны жылдамдатуға ықпал етеді. Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын басқару жүйесіне талдау жүргізу арқылы басқарудың әрекет етуші сзықтық-функционалдық ұйымдастырушылық құрылымының айтарлықтай кемшіліктері анықталды. Басқарудың құрылымы сала дамуының

стратегиялық басымдықтарына толығымен сәйкес келмейді. Бір жағынан, сала кәсіпорындарының көшілігі экономикалық өсудің қарқындылығын арттырып, жаңа нарықтарға шығып жатыр, сыртқы және ішкі нарықтарда ауқымды дилерлік желіні қалыптастыруды, ал екінші жағынан, басқарудың шығынды әдістерімен сипатталатын дамудың инерциялық сценарийімен байланысты шектеулер инвестициялық вакуум мен салалық әлемдік баламалардан технологиялық тұргыдан артта қалуды енсеруге мүмкіндік бере алмайды.

Қалыптасқан жағдайдағы себептері - өнеркәсіптік өндірістердің детальдық, тораптық және технологиялық машиқтығының басымдығына бағытталған басқарудың «қатаң» жүйелерін пайдалану – олардың салаларлық тиімділігін арттыруға байланысты міндеттерді шешу. Соның нәтижесінде ресурсты үнемдеуге, қосылған құн үлесін жоғары өнім көлемін арттыруға, өндірістің мобиЛЬДІ қайта машиқтануын қамтамасыз ететін инновациялық және инвестициялық іс-әрекет толыққанды жүзеге асырылмады, яғни алдағы кезеңнің талаптарын ескере отырып, өндірістік мүмкіндіктердің құрылымы, өнімнің техникалық деңгейі және тоқыма саласының ұзақ мерзімдік әлеуметтік-экономикалық дамуының арасында тепе-тенсіздік орын алды. Заманауи экономикалық жағдайларда тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының іс-әрекет ерекшелігі бизнес-процесстердің сан алуандылығымен және уақыттың ұзаруымен, технологиялық өндірістік процестер мен өндірістік процесстердің ерекшеліктерімен, пайдаланылатын ресурстардың сан алуандылығымен байланысты және де инвестиациялық менеджменттің жаңа сапасын объективті талап етеді.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Митгулева А. А., Бурденко Е. В. Теоретические аспекты реструктуризации предприятий текстильной промышленности//Дизайн и технологии. — 2012. — №29. — С.106 - 111. 0,4 п.л.
- [2] Xiaoqin He, Yinan Lu Development and Promote of Textile Enterprise ERP System of Yard Management // Communications in Computer and Information Science Volume 268, 2012, pp 524-529
- [3] Фомин Б.М., Макеев В.К., Малафеева И.Т. Стратегия модернизации экономики отраслей текстильной и легкой промышленности России // Известия вузов. Технология текстильной промышленности. – 2010. – №1. – С. 3–8.

## REFERENCES

- [1] Miguleva A. A., Burdenko E. V. Teoreticheskie aspekty restrukturizacii predpriyatiij tekstil'noj promyshlennosti//Dizajn i tekhnologii. — 2012. — №29. — S.106 - 111. 0,4 p.l.
- [2] Xiaoqin He, Yinan Lu Development and Promote of Textile Enterprise ERP System of Yard Management // Communications in Computer and Information Science Volume 268, 2012, pp 524-529
- [3] Fomin B.M., Makeev V.K., Malafeeva I.T. Strategiya modernizacii ekonomiki otrassej tekstil'noj i legkoj promyshlennosti Rossii // Izvestiya vuzov. Tekhnologiya tekstil'noj promyshlennosti. – 2010. – №1. – S. 3–8.

## РАЗРАБОТКА АДАПТИРОВАННОЙ МОДЕЛИ УПРАВЛЕНИЯ ПРЕДПРИЯТИЕМ ТЕКСТИЛЬНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ

Б.С.Құлбай

Международный казахско-турецкий университет имени Яссави, г.Туркестан, Казахстан

**Ключевые слова:** предприятия текстильной промышленности, модель управления, Республика Казахстан  
**Аннотация.** В статье автором исследованы возможности разработки комплексной модели управления предприятием текстильной промышленности в условиях экономического кризиса. В частности, приведены серьезные проблемы кадрового обеспечения, которые связаны с низким уровнем престижа рабочих профессий в текстильной отрасли и отсутствием инфраструктуры подготовки рабочих кадров. Низкий уровень конкурентоспособности выпускаемой продукции по сравнению с зарубежными аналогами, а также наблюдаящийся разрыв экономических связей между предприятиями, сопровождающийся недогрузкой производственных мощностей делает необходимым совершенствование экономического механизма системы управления на предприятиях текстильной отрасли. Организационно-экономический механизм управления предприятием текстильной промышленности должен формироваться соответствующими подразделениями, в которых общий контроль за деятельностью структур возложен на орган управления предприятием, выполняющий управление по обеспечению материальными и информационными потоками всех структур предприятия. Предложенная автором модель организационно-экономического механизма управления предприятием текстильной промышленности даст возможность повысить конкурентоспособность предприятий текстильной отрасли, за счет целевой мотивации персонала, создания в структуре предприятий необходимых условий и выхода на новые казахстанские и международные рынки.

Поступила 26.06.2016 г.